

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 394-V ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 64-құжат; № 14, 87-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацындағы "жағдайдағы қызметті қоспағанда, табиғи монополиялар салаларына жатпайтын қызметтер көрсетуге және өзге де қызметті жүзеге асыруға" деген сөздер "жағдайдағы" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"ол шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған жағдайдағы қызметті қоспағанда, табиғи монополиялар салаларына жатпайтын қызметтер көрсетуге және өзге де қызметті жүзеге асыруға";

2) 18-1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасында белгіленген қызметті қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің осы Заңмен рұқсат етілген өзге де қызметті жүзеге асыруына уәкілетті органның алдын ала хабарламасын не келісімін алу талап етіледі. Осы тармақшаның талаптары Қазақстан

Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектісінің шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау жөніндегі функцияларды орындауына байланысты оның өзге қызметті жүзеге асыру жағдайына қолданылмайды;"

3) 18-4-баптың 2-1 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Табиғи монополия субъектісі:

1) электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган растаған, тиісті тауар нарығында электр энергиясының тапшылығы болған;

2) табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға қойылатын, электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуға арналған шарттарға сай келмеген;

3) электр энергиясын беру және бөлу салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің шаруашылық мұқтаждарына электр энергиясын, шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен шекарадағы электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағымының жоспарлыдан ауытқуларына өтем жасау мақсатында электр энергиясын сатып алған;

4) Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес газ тарату ұйымдарынан газ сатып алған;

5) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алған жағдайларды қоспағанда, стратегиялық тауарларды сатып алуды тікелей стратегиялық тауар өндірушілерден жүзеге асырады.";

"9. Осы бапта көзделген талаптар теңгерімдеуші электр энергиясын, орталықтандырылған сауда-саттықта, спот нарығында электр энергиясын Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне және өңірлік электр желілері компанияларына қолданылмайды."

2. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат):

1) 1-бапта:

2-1) және 2-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) әзірлік паспорты – энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін растайтын, жыл сайын берілетін құжат;

2-2) бірыңғай сатып алушы – осы Заңда көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 2-3), 15-2), 18-2), 22-2), 23-1) және 26-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-3) генерациялайтын қондырғы – электр энергиясын өндіретін құрылғы;"

"15-2) күзгі-қысқы кезең – басталуы мен аяқталуын жергілікті атқарушы органдар белгілейтін жылыту маусымы;"

"18-2) нарық кеңесі – электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуін мониторингтеу жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Заңда көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;"

"22-2) сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес энергетикалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;"

"23-1) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф – электр энергиясын өндіруге, жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығынан электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар және уәкілетті орган белгілеген әдістеме бойынша айқындалатын теңгерімдеуге тіркелген пайда ескерілетін, уәкілетті орган электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар топтары үшін жеті жылға тең мерзімге бекітетін, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өткізілетін электр энергиясына босату тарифінің (бағасының) ең жоғары шамасы;"

"26-1) ұлттық оператор – жүйелік оператор жүзеге асыратын электр энергиясын сатып алу-сатуды қоспағанда, электр энергиясының орталықтандырылған импорты мен экспортын, сондай-ақ осы Заңда көзделген функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;"

31-1) және 31-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"31-1) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет – энергия өндіруші ұйымдардың белгіленген тәртіппен аттестатталған генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін ұстап тұру бойынша бірыңғай сатып алушыға көрсететін қызметі;

31-2) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тариф – жұмыс істеп тұрған барлық энергия өндіруші ұйымдар үшін уәкілетті орган жеті жылға тең мерзімге бекіткен, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке тарифтің (бағаның) ең жоғары шамасы (электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемдерін қоспағанда, оны көрсету кезінде жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар және пайдалануға жанадан

берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер жеңімпаздары электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке уәкілетті орган белгілеген жеке тарифті пайдаланады);";

31-3) тармақша алып тасталсын;

31-4), 31-5) және 31-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"31-4) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф – жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жасаған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін , сондай-ақ пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылар салуға тендер жеңімпаздары үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке уәкілетті орган белгілеген жеке тариф;

31-5) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде белгіленген тәртіппен аттестатталған генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша бірыңғай сатып алушы көрсететін қызмет;

31-6) электр қуатының нарығы – энергия өндіруші ұйымдардың генерациялайтын жабдықты электр энергиясын өндіруге әзірлігі жағдайында ұстап тұруға, бұрыннан бар өндірістік активтерді жаңартуға, ұстап тұруға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарактандыруға, сондай-ақ оларды құруға байланысты электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесі;";

31-7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 31-8) тармақшамен толықтырылсын:

"31-8) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығы – электрондық сауда жүйесінде энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушы арасында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуға бағытталған процесс;";

33) және 33-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы, жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы, ұлттық оператор;

33-1) электр энергиясына арналған шекті тариф – электр энергиясын өндіруге, жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығынан электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар және уәкілетті орган белгілеген әдістеме бойынша айқындалатын тіркелген пайда ескерілетін, электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар топтары үшін уәкілетті орган жеті жылға тең мерзімге бекіткен босату тарифінің (бағасының) ең жоғары шамасы;";

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

"37-1) электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар тобы – мынадай өлшемшарттар: энергия өндіруші ұйымдардың типі, белгіленген қуаты, пайдаланылатын отын түрі, отын орналастырылған жерден қашықтығы, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр энергиясын беруге техникалық сипаттағы шектеулер болмайтын бір бөлігінде орналасуы бойынша қалыптастырылған энергия өндіруші ұйымдар жиынтығы;"

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясын сатып алу-сатуға, оның ішінде электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында сатып алу-сатуға, жүйелік және қосалқы қызметтер, электр қуаты нарығында қызметтер көрсетуге байланысты қатынастар жүйесі;"

42) тармақша алып тасталсын;

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"47) энергетикалық сараптама – электр энергетикасы саласындағы жұмыс істеп тұрған объектілер, реконструкцияланатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынып жатқан объектілердің жобалары бойынша, сондай-ақ олардағы технологиялық бұзушылықтарды және өндірістік жарақаттануды тергеп-тексеру кезінде уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне жүргізілетін электр энергетикасы саласындағы сараптама;"

2) 5-бапта:

2), 3), 4), 22), 26), 54) және 56) тармақшалардағы "бекітеді" деген сөз "әзірлейді және бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы үлгілік шартты әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) электр қуатының жүктемесін көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған үлгілік шартты әзірлейді және бекітеді;"

23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жүйелік оператордың қызметтер көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін сатып алынатын мүлік (активтер) тізбесіне электр энергиясын қосу туралы шешім қабылдайды;"

мынадай мазмұндағы 30-1) және 30-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-1) электр және жылу желілері объектілерінің күзет аймақтарын белгілеу және оларды күзету қағидаларын, сондай-ақ осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын әзірлейді және бекітеді;

30-2) электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

33), 37), 40), 59), 60), 67) және 69) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) техникалық жаңғыртылудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"37) жылу электр станцияларының электр қуатына шектеулерді және осындай шектеулерді қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"40) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"59) энергетикалық сараптама жүргізуге және электр зертханаларын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60) энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"67) пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер нәтижелері бойынша жеңімпазды айқындайды, онымен бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады;"

"69) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

70-4) тармақша алып тасталсын;

70-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"70-5) электр энергиясына шекті тарифті, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 70-8), 70-9), 70-10), 70-11), 70-12), 70-13), 70-14), 70-15), 70-16), 70-17), 70-18), 70-19), 70-20), 70-21) және 70-22) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-8) ұлттық операторды айқындайды, сондай-ақ ұлттық оператордың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-9) электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде

ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

70-10) нарық кеңесін айқындайды, сондай-ақ нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-11) бірыңғай сатып алушы пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендерлер жеңімпаздарымен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемдерін және оны сатып алу мерзімдерін белгілейді;

70-12) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жасасады;

70-13) электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімдерін әзірлеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

70-14) электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

70-15) бірыңғай сатып алушыны айқындайды;

70-16) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекітеді;

70-17) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-18) бірыңғай сатып алушы уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім жасасқан жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемдерін және оны сатып алу мерзімдерін белгілейді;

70-19) бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-20) бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-21) жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған

инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70-22) міндетті ведомстволық есептілік нысандарын және тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлейді және бекітеді";

3) 6-баптың 2, 2-1, 3, 8-тармақтары, 9-тармағының 2) және 4) тармақшалары, 10, 10-1 және 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган:

1) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілері талаптарының сақталуын;

2) электр станциялары, электр желілері энергетикалық жабдығының, тұтынушылардың электр қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін;

3) электр энергиясын өндіру, беру, жабдықтау және тұтыну сенімділігі мен қауіпсіздігін;

4) электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне тексеруден өтпеген персоналдың электр қондырғыларына жіберілмеуін немесе жұмыстан шеттетілуін бақылауды жүзеге асырады.

2-1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) қазандықтардың, жылу желілерінің және тұтынушылардың жылу пайдалану қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін;

2) қазандықтар, жылу желілері бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын дайындау мен жүзеге асыруға және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады.

3. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік энергетикалық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Осы Заңның 6-1-бабында көзделген тексерулерді қоспағанда, тексеру және мемлекеттік энергетикалық бақылаудың өзге нысандары "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

"8. Электр энергетикасы объектісінің басшысына анықталған бұзушылықтарды жою үшін орындау мерзімдері мен орындалуына жауапты адамдар көрсетілген, сондай-ақ электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты жоқ және электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулерден өтпеген персоналды жұмыстан шеттету туралы белгіленген үлгідегі нұсқама беріледі немесе акт жасалады, оның негізінде объект басшылығы анықталған бұзушылықтарды

жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, бұл мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға немесе жергілікті атқарушы органға ұсынылады.";

"2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерінің сақталуын;"

"4) электр станцияларының, электр және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігіне жүргізіледі.";

"10. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган:

1) электр энергетикасы кәсіпорындарының объектілер мен жабдықтардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін бағалау жөніндегі комиссияларының жұмысына қатысады;

2) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бірнеше бөліктерге бөлінуіне, электр энергиясын тұтынушылардың жаппай шектелуіне, ірі энергетикалық жабдықтың бүлінуіне әкеп соққан электр станцияларының, электр желілерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексерулердің есебін жүргізеді;

3) энергетикалық сараптама жүргізуге және электр зертханаларын аккредиттеуді жүзеге асырады;

4) электр станциялары, электр желілері энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдығының техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы әкімшілік істер бойынша материалдар қарауды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінеді және соттың істерді қарауы кезінде қатысады.

10-1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) қазандықтар мен жылу желілерінің (магистральдық, орамшілік) жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексерулер жүргізеді;

2) қазандықтар мен жылу желілерін (магистральдық, орамшілік) жоспарлы жөндеуді келіседі;

3) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамшілік) күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі паспорттарын береді;

4) 110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен кіші станциялар салудың техникалық орындылығы туралы қорытындылар береді;

5) тұтынушылардың жылу энергиясынан шектелуіне, қазандықтардың энергетикалық жабдығының бүлінуіне әкеп соққан жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексерулердің есебін жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы әкімшілік істер бойынша материалдар қарауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінеді және соттың істерді қарауы кезінде қатысады.

11. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) электр және энергия қондырғыларына кедергісіз қол жеткізуге;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыруға;

3) энергетикалық жабдыққа зерттеп-қарау жүргізу, энергетикалық ұйымдарды кешенді тексерулер және электр станциялары, электр желілері энергетикалық жабдығының жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде сарапшыларды тартуға;

4) әзірлік паспортын алу үшін көлемі Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, әзірлік паспортын алу үшін ұсынылған құжаттарға қосымша түсіндірмелер, материалдар мен негіздемелер қажет болған жағдайда әзірлік паспортын ескертулерсіз немесе ескертулермен беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген шарттар мен талаптардың орындалуын растайтын ұсынылған құжаттардың көлемі, мазмұны сәйкес келмеген жағдайда әзірлік паспортын беруден бас тартуға құқылы.";

4) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Жекелеген тексерулер мен мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі электр станцияларының, кернеуі 0,4 кВ жоғары электр желілерінің, белгіленген қуаты 100 Гкал/сағаттан асатын магистральдық жылу желілерінің және қазандықтардың энергетикалық жабдығын пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау және олардың техникалық жай-күйі бойынша тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы бапта айқындалады.

2. Тексерілетін субъектіні тексеру – бақылау нысандарының бірі, оны мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган мынадай әрекеттердің бірін жасау арқылы жүргізеді:

1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның лауазымды адамының тексерілетін субъектіге баруы;

2) бақылаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде қажетті ақпаратты талап етіп алдыруды қоспағанда, тексеру нысанына қатысты қажетті ақпаратты сұрату;

3) осы Заңның 6-бабына сәйкес тексерілетін субъектіні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды оның сақтауы туралы ақпарат алу мақсатында шақырту.

3. Тексерулер ішінара және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Ішінара тексеру – мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындайтын, уәкілетті орган бекіткен ішінара тексерулер кестесінің негізінде Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуы мәселелері бойынша жүргізілетін тексеру.

Жоспардан тыс тексеру – мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындайтын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексеру нысанасына қойылатын талаптарды сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте тексерулер құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда міндетті тіркелуге жатады.

4. Ішінара тексерулер жүргізу кезінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның аумақтық бөлімшелерінің және тексерілетін субъектілер объектілерінің тізбесі, сондай-ақ тексерулер жүргізу кезеңдері көрсетіле отырып, күнтізбелік жылға арналған ішінара тексерулер кестесі жасалады.

Ішінара тексерулер кестесіне Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі электр станцияларының, кернеуі 0,4 кВ жоғары электр желілерінің, белгіленген қуаты 100 Гкал/сағаттан асатын магистральдық жылу желілерінің және қазандықтардың энергетикалық жабдығын пайдалануды жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер енгізіледі.

Ішінара тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде ішінара тексерулер кестесі мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

5. Тексерулер ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленген тексерілетін субъектінің жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеруді бұзушылықтардың жолын кесу және (немесе) олардың жасалуының мән-жайларын анықтау қажет болған жағдайларда жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізуге жол беріледі.

6. Тексеруді тағайындау және тексеру нәтижелері туралы актілер, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оны жүргізу мерзімін ұзарту, тексеруге қатысушылар құрамының өзгеруі туралы хабарламалар уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасалады.

Көрсетілген актілер мен хабарламалар, сондай-ақ тексерілетін субъектіге тексеру жүргізудің басталуы туралы хабардар ету тексерілетін субъектіге мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тексеруді тағайындаған басшысының цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында не өзге де тәсілмен жіберіледі. Тексеруді тағайындау туралы акт жіберілген күннен кейінгі жұмыс күні тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде тексерілетін субъект тексеруді тағайындаған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға оларды алғаны туралы хабарламаны электрондық құжат нысанында немесе өзге де тәсілмен жіберуге міндетті.

Хабарламаларды электрондық түрде беру жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе өзгертілген жағдайда, тексерілетін субъектілер бұл жайында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға дереу хабарлайды.

8. Тексеруді тағайындау туралы акт негізінде тексеру жүргізіледі.

Объектіге тексеру үшін келген мемлекеттік техникалық инспекторлар тексеруді тағайындау туралы актіні және қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті. Өзге құжаттарды көрсетуді талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік техникалық инспектордың тексерілетін объектіге кіруіне кедергі келтірілген жағдайда, мемлекеттік техникалық инспектор хаттама жасайды. Тексерілетін объектіге кіргізуден бас тарту тексеру жүргізбеу үшін негіз болып табылмайды.

Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген мемлекеттік техникалық инспекторлар ғана тексеруді жүргізеді. Тексеруді жүргізетін мемлекеттік техникалық инспекторлардың құрамы мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның шешімімен өзгертілуі мүмкін, бұл жайында тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін хабарлама жіберіледі.

9. Тексеру жүргізудің мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді, бірақ отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізудің мерзімін мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның басшысы отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, бұл ретте мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні міндетті түрде ресімдеп, оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркейді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркеу нөмірі мен күні және ұзарту себебі көрсетіледі.

Тексеру жүргізудің мерзімі ұзартылған жағдайда, тексеру жүргізудің мерзімі өткенге дейін тексерілетін субъектіге тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарлама жіберіледі.

Тексеру күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге бір рет тоқтатыла тұруы мүмкін. Арнайы зерттеулерді, сынақтарды, сараптамаларды күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде жүргізу қажет болған жағдайда, тексеру жүргізудің мерзімі олар алынғанға не орындалғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Тексеру тоқтатыла тұрған не қайта басталған жағдайларда, тексерілетін субъектіге тексеру тоқтатыла тұрғанға не қайта басталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын тиісті хабарлама жіберіледі.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізудің мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Тексеру тоқтатыла тұрған және осы бапта белгіленген мерзімдерде қайта басталмаған субъекті бойынша тексеру жүргізуге жол берілмейді.

10. Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік техникалық инспекторлар тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексерілетін субъектінің тексеру нәтижелері бойынша қарсылықтары жазбаша түрде баяндалады және тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеледі, онда тиісті белгі жасалады.

Тексеру нысанасына қойылатын белгіленген талаптарды бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жүргізіледі.

Тексерілетін субъектіде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы қосымшаларының көшірмелерімен тексерілетін субъектіге жіберіледі.

11. Тексеру нәтижелері бойынша тексеру нысанасына қойылатын белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексерілетін субъектіге бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жібереді.

Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қарсылықтар болмаған кезде тексерілетін субъект тексеру нәтижелері туралы актіні алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тексеруді жүргізген басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты беруге міндетті.

Тексерілетін субъект нұсқаманы алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде нұсқаманы берген мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға өзінің қарсылықтарын енгізуге құқылы, бұлар бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Тексерілетін субъект нұсқамаға қарсылықтарын қарау нәтижелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жоғары тұрған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға немесе сотқа нұсқамаға шағым жасауға құқылы.

Өтініш берушінің өтінішхаты бойынша нұсқаманы орындау жоғары тұрған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның шағымды қарау кезеңіне тоқтатыла тұрған жағдайларды қоспағанда, шағым беру нұсқаманың орындалуын тоқтата тұрмайды, бұл жайында өтініш берушіге өтінішхат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

Жоғары тұрған мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган нұсқамаға шағымды он жұмыс күні ішінде қарайды және нұсқаманың күшін толық немесе ішінара жою не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

12. Мемлекеттік техникалық инспекторлардың тексеруді жүргізу кезінде:

1) тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайларына осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде кедергісіз кіруге;

2) тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) тиісті мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

13. Мемлекеттік техникалық инспекторлар тексеруді жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексерулерді осы бапта және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіппен қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін субъектілердің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) осы Заңның 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін субъектінің қатысуына кедергі келтірмеуге, тексеру нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірулер беруге;

6) тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін субъектіге оның нысанасына қатысты қажетті ақпарат беруге;

7) тексерілетін субъектіге жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актіні ол аяқталған күні тапсыруға;

8) алынған құжаттардың және тексеру жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

14. Тексерілетін субъектілер:

1) объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік техникалық инспекторларды:

ішінара тексеру тағайындалған кезде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның ішінара тексерулер кестесінде тексерілетін объект болмаған;

тексеруді тағайындау туралы актіде мемлекеттік техникалық инспектор туралы деректер болмаған;

тексеру жүргізудің мерзімі тексеруді тағайындау туралы актіде не тексеру жүргізуді қайта бастау, мерзімін ұзарту туралы хабарламаларда көрсетілген мерзімге сәйкес келмеген;

ішінара тексеруді жүргізу үшін негіздер немесе жоспардан тыс тексеруді тағайындау туралы акт болмаған жағдайларда, тексеруге жібермеуге;

2) егер мәліметтер жүргізілетін тексеру нысанасына немесе тексеруді тағайындау туралы актіде, тексеру жүргізуді қайта бастау, мерзімін ұзарту туралы хабарламаларда көрсетілген кезеңдерге жатпаса, оларды ұсынбауға;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік техникалық инспекторлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

15. Тексерілетін субъектілер:

1) тексеру жүргізу үшін өз аумағына және үй-жайларына мемлекеттік техникалық инспекторлардың кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес мемлекеттік техникалық инспекторларға тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне;

3) зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсерінен объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік техникалық инспекторлардың қауіпсіздігін осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

16. Мыналар:

1) жоспарлы тексеру жүргізу үшін негіздердің болмауы;

2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы тексеруді жарамсыз деп тану үшін негіздер болып табылады.

Тексерудің жарамсыз деп танылуы осы тексеру нәтижелері туралы актінің және бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексерілетін субъектінің тексерудің жарамсыздығына байланысты тексеру нәтижелері туралы актінің күшін жою туралы өтінішін қарауды өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Өтінішті қараудың осы Заңда белгіленген мерзімінің бұзылуы тексерілетін субъектінің пайдасына қарастырылады.

17. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган субъектіге (объектіге) бару арқылы мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын:

1) егер бару "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерумен байланысты болған;

2) тексерілетін субъект рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты емес өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды (ақпарат) алу үшін бастамашылықпен жүгінген жағдайларда жүргізеді.

18. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын бару арқылы жүргізу кезінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган тексерілетін субъект тұрған жердегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органды бұларды жүргізгенге дейін хабардар етеді.

19. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде:

1) осы баптың 17-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға бақылау субъектілеріне (объектілеріне) баруға тыйым салынады;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органда тіркелу және тексерілетін субъектіні алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

3) бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамастан, бірақ тексерілетін субъектіге осы бұзушылықты жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарының қорытындылары бойынша олардың түріне қарай қорытынды құжаттар (анықтама, нұсқама, қорытынды және басқа) жасалады.

20. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын талдау нәтижелері ішінара тексерулер жүргізу үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге негіз болып табылады.

21. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде осы бапқа сәйкес тексерулерді жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 7-3-баппен толықтырылсын:

"7-3-бап. Энергетикалық сараптама жүргізуге және электр зертханаларын аккредиттеу

1. Энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеуді мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган жүзеге асырады.

Электр зертханаларын аккредиттеуді мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Заңды тұлғалардың энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу туралы құжаттарын қарау және олар бойынша шешім қабылдау үшін мемлекеттік

энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу жөніндегі комиссияны құрады.

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың электр зертханаларын аккредиттеу туралы құжаттарын қарау және олар бойынша шешім қабылдау үшін мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның аумақтық бөлімшелері электр зертханаларын аккредиттеу жөніндегі комиссияны құрады.

Энергетикалық сараптама жүргізуге және электр зертханаларын аккредиттеу туралы құжаттарды қарауды комиссия олар мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап есептелетін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

3. Оң шешім қабылданған жағдайда, мұндай шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

Аккредиттеуден бас тартылған кезде, комиссия мұндай шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге осындай бас тартудың себептері көрсетіле отырып, уәжді жазбаша жауап жіберіледі.

Мыналар:

1) берілген ақпараттың Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) өтініш берілген қызмет түрімен айналысуға тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы аккредиттеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

4. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган немесе оның аумақтық бөлімшесі берген аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды болады.

5. Мыналар:

1) аккредиттелген субъектінің жазбаша өтініші;

2) аккредиттелген субъектінің таратылуы;

3) соттың заңды күшіне енген шешімі аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтату үшін негіздер болып табылады.

6. Энергетикалық сараптама жүргізу үшін өтініш берушіге және электр зертханаларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында белгіленеді.";

б) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Электр энергиясы мен қуаты нарығындағы жүйелік оператор және энергияны өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қатысушылар";

7) 10-бапта:

1-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету және электр қуатын реттеу бойынша өзара іс-қимыл жасайды;"

19) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) қуатты берудің келісілген схемалары туралы ақпаратты тоқсан сайын уәкілетті органға береді;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жүйелік оператордың мынадай жағдайларда:

1) технологиялық және өндірістік мұқтаждарға;

2) шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен бірге электр энергиясы ағымдарының шарттық шамаларын қамтамасыз ету үшін;

3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында;

4) жасасқан шарттар шеңберінде шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен бірге авариялық өзара көмек көрсету үшін энергия өндіруші ұйымнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілерден электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыруға құқығы бар."

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырсын:

"2-1. Жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымдарға қуаттар авариялық істен шыққан жағдайда, олардың басқа энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу мүмкіндігі болмаған кезде электр энергиясын беруді жүзеге асырады. Жүйелік оператордың шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен авариялық өзара көмек көрсету туралы шарты біреуден көп болған жағдайда, жүйелік оператор техникалық сипаттағы шектеулерді ескере отырып, электр энергиясының ең төмен бағасын ұсынған электр энергиясын берушіні таңдайды."

8) мынадай мазмұндағы 10-1, 10-2 және 10-3-баптармен толықтырылсын:

"10-1-бап. Ұлттық оператор

Ұлттық оператор:

1) жүйелік оператор жүзеге асыратын электр энергиясын сатып алу-сатуды қоспағанда, электр энергиясының орталықтандырылған импорты мен экспортын жүзеге асырады;

2) тендерлер өтпей қалған жағдайда, жылу және электр энергиясын аралас өндіруді жүзеге асыратын, әлеуметтік маңызды электр станцияларын салуды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде электр энергетикасы объектілерін салуға қатысады.

10-2-бап. Нарық кеңесі

1. Нарық кеңесі:

1) электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуіне мониторингті жүзеге асырады;

2) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен энергия өндіруші ұйымдарды жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарайды;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) уәкілетті орган айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Нарық кеңесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

10-3-бап. Бірыңғай сатып алушы

1. Бірыңғай сатып алушыны уәкілетті орган айқындайды.

2. Бірыңғай сатып алушы:

1) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды жасасады;

2) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттарды жасасады;

3) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алады;

4) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетеді;

5) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің алдағы күнтізбелік жылға бағасының есебін және оны өз интернет-ресурсында орналастыруды жүзеге асырады;

6) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге жасалған шарттардың тізбесін қалыптастырады және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісін көрсете отырып, өз интернет-ресурсында орналастырады.";

9) 12-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электр энергиясын өндіруге және беруге қатысушылар:

1) жүйелік операторға Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін қажет ақпаратты және электр станциялары жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштері жөнінде нақты ақпаратты (өндіру, шиналардан босату, өз мұқтаждары, шиналардан электр энергиясын босатуға үлестік шығыстар) беруге;

2) жүйелік оператордың коммерциялық есепке алу аспаптарына қол жеткізуіне рұқсат беруге;

3) техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес электр энергиясының сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

4) жасалған шарттар негізінде Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі стандартты жиілікті реттеуді және ұстап тұруды жүйелік оператормен бірлесе отырып жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерінің және нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес негізгі және қосалқы жабдықты, аварияға қарсы және режимдік автоматика, релелік қорғау, диспетчерлік технологиялық басқару құралдарын жұмыс жағдайында ұстауға;

6) уәкілетті орган айқындайтын көлемде өз объектілерінде жаңа релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика құрылғыларын орнатуға және пайдаланылып жүрген релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика құрылғыларын жаңғыртуды жүргізуге;

7) энергетикалық жабдықты пайдалануға байланысты туындаған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) спот-сауда-саттықта (өздері өндіретін электр энергиясы көлемінің он пайызынан аспайтын) өткізу жағдайларын қоспағанда, тиісінше электр энергиясына шекті тарифтен және теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтен аспайтын тарифтер бойынша электр энергиясын өткізуді жүзеге асыруға;"

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтен аспайтын баға бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті өткізуді жүзеге асыруға (электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемдерін қоспағанда, оны көрсету кезінде жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар және пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер жеңімпаздары электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке уәкілетті орган белгілеген жеке тарифті пайдаланады);

11) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару кезінде жүйелік оператордың өкімдеріне сәйкес электр энергиясын өндіруді тәулікшілік реттеуді жүзеге асыруға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Тұтынушыларды энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету үшін энергия өндіруші ұйымдар берілудің тәуліктік кестелерін орындау үшін қажетті көлемдерде электр энергиясын сатып алу арқылы авариялық істен шыққан қуаттарды

алмастыруды жүзеге асыруға міндетті. Энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын авариялық істен шыққан қуаттар көлемінде сатып алуды өзге энергия өндіруші ұйымдардан да, жүйелік оператордан да соңғысымен жасалатын шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен авариялық өзара көмек көрсету туралы шарттар шеңберінде жүзеге асырады.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Электр энергиясына шекті тарифтен және (немесе) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтен асыра отырып, электр энергиясын өткізген жағдайда, энергия өндіруші ұйым, спот-сауда-саттықта (өздері өндіретін электр энергиясы көлемінің он пайызынан аспайтын) электр энергиясын өткізу нәтижесінде алынған соманы қоспағанда, көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығындағы субъектілерге асып кеткен соманы қайтаруға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасуға және осы шарттар негізінде электр қуатының нарығына қатысуға міндетті.";

10) 12-1-бапта:

тақырып және 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1-бап. Электр энергиясына шекті тарифтерді, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтерді айқындау тәртібі";

"2. Энергия өндіруші ұйым электр энергиясына босату бағасын дербес, бірақ электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобының электр энергиясына шекті тарифтен аспайтындай етіп белгілейді.

Энергия өндіруші ұйым теңгерімдеуші электр энергиясына босату бағасын дербес, бірақ электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобының теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтен аспайтындай етіп белгілейді.

Электр энергиясына шекті тариф және теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтары бойынша жылдарға бөліне отырып, жеті жылға тең мерзімге бекітіледі және қажет болғанда түзетіліп отырады.

Электр энергиясына шекті тарифті және теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті айқындау үшін олардың қолданысының алғашқы жеті жылына электр энергиясына шекті тариф және теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф енгізілетін жылдың алдындағы жыл ішінде электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобында қалыптасқан электр энергиясын өндіруге жұмсалатын ең жоғары шығындар пайдаланылады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Энергия өндіруші ұйым электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке тарифті дербес, бірақ электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтен аспайтындай етіп белгілейді.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті уәкілетті орган жылдарға бөле отырып, жеті жылға тең мерзімге бекітеді және қажет болған кезде саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында түзетіліп отырады.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті айқындау үшін қолданысының алғашқы жеті жылына уәкілетті органмен келісімдер шеңберінде энергия өндіруші ұйымдар 2015 жылы салған инвестициялардың жиынтық көлемі (амортизациялық аударымдар есебінен инвестицияларды қоспағанда) пайдаланылады.";

11) 13-бапта:

3-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұтынушыларға, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, энергия беруші ұйымдарға (өз желілеріндегі және шаруашылық мұқтаждарына электр энергиясының нормативтік ысыраптарын жабу үшін) және ұлттық операторға Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес электр энергиясын орталықтандырылмаған сатып алу-сату нарығында жасалатын шарттар негізінде;"

3-2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттары жоқ, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға электр энергиясын өткізуге (сатуға);" ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдығын, тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануды, жөндеуді, баптауды және монтаждауды жүзеге асыратын персонал, сондай-ақ сарапшылар энергетикалық жабдықты және тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану, жөндеу, баптау және монтаждау, сондай-ақ зерттеп-қарау бойынша білімін тексеруден өтуге және қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты болуға міндетті." ;

12) 15-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "міндетті нарығынан тұрады." деген сөздер " нарығынан;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) электр қуатының нарығынан тұрады." ;

2-тармақтың бірінші абзацы және 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы:";

"2) электр энергиясының орталықтандырылған саудасын орта мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) кезеңдерге, сондай-ақ электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын бір жылға ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады;"

13) 15-1-бапта:

тақырып және 1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1-бап. Пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізу тәртібі

1. Жүйелік оператор жыл сайын он бесінші қазанға дейінгі мерзімде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін әзірлейді.

Электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімінде Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде жылдық ең жоғары электр жүктемесі күніне әзірленетін электр қуатының теңгерімі бөлігінде мыналар ескеріледі:

1) салу үшін уәкілетті орган тендер жеңімпазымен тиісті шарт жасаған, тендер негізінде пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылардың қолда бар электр қуатының көлемі;

2) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың, уәкілетті органмен жасалған жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларының қолда бар электр қуатының көлемі;

3) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың бұрыннан бар генерациялайтын қондырғыларының қолда бар электр қуатының көлемі (осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген қолда бар электр қуатын қоспағанда);

4) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді жасаспай, осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген қолда бар электр қуатының көлеміне қосымша енгізуге жоспарланатын қолда бар электр қуатының көлемі (Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген жобалау-сметалық құжаттама болған кезде);

5) уәкілетті органның пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізу тетігін қолданбай пайдалануға беру жоспарланатын жаңа электр станцияларының қолда бар электр қуатының көлемі (Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген жобалау-сметалық құжаттама бар болған кезде).

Электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өздері өндіретін электр энергиясы бойынша ғана ескеріледі.

2. Уәкілетті орган электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімін келіп түскен күнінен бастап үш ай ішінде бекітеді.

3. Бекітілген электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімі бекітілген күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей уәкілетті органның және жүйелік оператордың интернет-ресурсында орналастырылады .";

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Егер бекітілген электр энергиясы мен қуатының алдағы жеті жылдық кезеңге арналған болжамды теңгерімінде Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде болжамның алғашқы бес жылы ішінде электр қуатының болжамды тапшылығы 100 МВт-дан асатын болса, уәкілетті орган болжамды тапшылықты жабу үшін пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізеді.

3-2. Тендер негізінде пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылардың орналасу орны (алаңы), олар үшін отынның типі және түрі уәкілетті органның тапсырысы бойынша жүргізілген техникалық-экономикалық негіздеменің нәтижелері бойынша айқындалады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф бойынша уәкілетті орган белгілеген көлемде және мерзімдерге тендер жеңімпазымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады.

Тендер негізінде пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын жүйелік оператор ол пайдалануға берілген күннен бастап жыл сайын аттестаттауға тиіс.

Егер электр қуатын кезекті аттестаттауды өткізу нәтижесінде тендер негізінде пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болса, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті аттестаттауды өткізгенге дейінгі аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.";

14) 15-2-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Энергия өндіруші ұйым генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттаудан өткізгеннен кейін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті өткізуді жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жүйелік оператор уәкілетті орган белгілеген тәртіппен энергия өндіруші ұйымның генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттауды жүзеге асырады.";

15) 15-3-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электр қуатының нарығы электр қуатына сұранысты жабу үшін Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі бұрыннан бар электр қуаттарын ұстап тұру және жаңаларын енгізу үшін инвестициялар тарту мақсатында жұмыс істейді.

Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар тұтынуға арналған болжамды өтінімдерді қалыптастырады, онда өздерінің құрамында меншік, жалға алу құқығында немесе өзге де заттай құқықта бар генерациялайтын көздердің электр қуатының есебінен жабылмайтын, алдағы және келесі күнтізбелік жылдардың әр айына тұтынудағы электр қуатының ең жоғары мәнін көрсетеді және оларды есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей жүйелік операторға жібереді.

Жүйелік оператор есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде электр қуаты резервінің қажетті шамасын және технологиялық шығыстың өтемін жасау үшін, ұлттық электр желісінің өз және шаруашылық мұқтаждарына тұтынудың орташа жылдық электр қуатын ескере отырып, көтерме сауда нарығы субъектілерінің болжамды өтінімдері негізінде алдағы және келесі күнтізбелік жылдарға электр қуатына болжамды сұранысты әзірлейді.";

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Электр қуатына болжамды сұранысты жабу үшін бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасуды (басымдық тәртібімен):

1) пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендерлер жеңімпаздарымен жүзеге асырады. Бұл ретте осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

2) уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді жасаған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жүзеге асырады. Бұл ретте осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

3) құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен – электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тариф бойынша жыл сайын алдағы күнтізбелік жылға жүзеге асырады. Осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады және ол энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуатының тиісті жыл ішіндегі жоспарлы ең жоғары мәнінің және осы энергия өндіруші ұйым өзі тұтынатын электр қуатының тиісті жыл ішіндегі ең жоғары мәнінің айырмасын білдіреді, бұл ретте:

осы көлемде жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуаты ескерілмейді;

егер энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуатының тиісті жыл ішіндегі жоспарлы ең жоғары мәні осы энергия өндіруші ұйым өзі тұтынатын электр қуатының тиісті жыл ішіндегі ең жоғары мәнінен аспаса, осы көлем нөлге тең деп қабылданады;

4) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен – электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша, осы сауда-саттықтың нәтижелері бойынша қалыптасқан бағалар бойынша және көлемдерде жыл сайын 25 желтоқсанға дейін алдағы күнтізбелік жылға жүзеге асырады. Бұл ретте осы тармақшаға сәйкес аталған энергия өндіруші ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық шарттардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын алдағы күнтізбелік жылға арналған электр қуатына болжамды сұраныстың көлемінің және осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес айқындалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемдерінің айырмасына тең болады.

Энергия өндіруші ұйымдардың сауда-саттығына жіберілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі осы тармақшаға сәйкес айқындалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемінен аз болған жағдайларда бірыңғай сатып алушы жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша осы тармақшаға сәйкес айқындалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемінен аз жиынтық көлемінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды жасасады.

3-2. Бірыңғай сатып алушы осы баптың 3-1-тармағына сәйкес жасалатын шарттар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ай сайын, бірақ осы қызмет берілген ай аяқталғаннан кейін қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлейді.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:
"Энергия өндіруші ұйымдар мыналарды:

1) тендер негізінде пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын;

2) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын;

3) экспорттың есепті жылдағы ең жоғары электр қуатын;

4) бөлшек сауда нарығының субъектілеріне берудің есепті жылдағы ең жоғары электр қуатын;

5) электр қуатының мынадай ең көп екі мәнін: өзі тұтынатын электр қуатының есепті жылдағы ең жоғары мәнін;

энергия өндіруші ұйымдардың құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуатының есепті жылдағы ең жоғары мәнін шегеріп, бірыңғай сатып алушыға электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында аттестатталған электр қуатынан аспайтын көлемде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті өткізуді жүзеге асырады.

Егер электр қуатын кезектен тыс аттестаттауды өткізу нәтижесінде энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша бірыңғай сатып алушымен жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көрсетілген көлемі аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.";

5-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы жыл сайын қараша айының екінші онкүндігінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастырады және өткізеді."
;

"Орталықтандырылған сауда нарығының операторы шарттық негізде бірыңғай сатып алушыға және нарық субъектілеріне электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру мен өткізу бойынша қызмет көрсетеді.";

мынадай мазмұндағы 7, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Бірыңғай сатып алушы көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге жасалған шарттың негізінде электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асырады.

8. Көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар бірыңғай сатып алушыға электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсететін қызметіне ай сайын, осы қызмет берілген ай ақталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, бірыңғай сатып алушы есептейтін күнтізбелік жыл ішіндегі тіркелген баға бойынша ақы төлеуге міндетті.

Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны бірыңғай сатып алушы жыл сайын алдағы күнтізбелік жылға есептейді.

Бірыңғай сатып алушы электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны алдағы күнтізбелік жылға есептеуді мыналардың:

1) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша қалыптасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке орташа өлшемді бағаның;

2) бірыңғай сатып алушы пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендерлер жеңімпаздарымен, уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді жасаған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен, сондай-ақ құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасаған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық шарттардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке орташа өлшемді бағаның;

3) көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдардың және тұтынушылардың тұтынуға арналған болжамды өтінімдерінің;

4) электр қуатына алдағы және келесі күнтізбелік жылдарға болжамды сұраныстың негізінде жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушы жыл сайын 1 желтоқсанға дейін өзінің интернет-ресурсында электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке алдағы күнтізбелік жылға арналған бағаны растайтын есептермен бірге орналастырады.

Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеу және интернет-ресурста орналастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Тұтынуға арналған тиісті болжамды өтінімде көрсетілген және болжамды сұранысқа енгізілген тұтынудың тиісті жылға ең жоғары электр қуаты электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта есепті жылға белгіленетін және көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар төлейтін электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі болып табылады.

Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта есепті жылға белгіленген электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін төмендету жағына қарай өзгертуге жол берілмейді.

9. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт және электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін үлгілік шарттардың негізінде жасалады.";

16) мынадай мазмұндағы 15-4-баппен толықтырылсын:

"15-4-бап. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер

1. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) электр станцияларының негізгі генерациялайтын жабдығына қатысты ғана жасалады.

2. Жаңғыртуды, кеңейтуді, реконструкциялауды және (немесе) жаңартуды жүзеге асыру үшін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар тиісті инвестициялық бағдарламаларды әзірлейді, оларды әзірлеу кезінде тәуелсіз техникалық және қаржы аудиті жүргізіледі.

3. Техникалық және қаржы аудитінің нәтижелері: жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың оңтайлы схемасын анықтау, негізгі генерациялайтын жабдықтың жұмыс істеу мерзіміне инвестициялық бағдарламаның әсер етуін, инвестициялық бағдарламаның орындылығын және инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың талап етілетін көлемін айқындау болып табылады.

4. Техникалық, қаржы аудитінің нәтижелері және жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасы нарық кеңесінің қарауына жатады.

5. Нарық кеңесінің ұсынымы негізінде уәкілетті орган жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді жасасу туралы (жасасудан бас тарту туралы) шешім қабылдайды.

6. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерде әр жылға мына көрсеткіштер бойынша нысаналы индикаторлар белгіленеді: электр және (немесе) жылу энергиясын босатуға шартты отынның үлестік шығыстары; қолда бар электр қуаты; негізгі генерациялайтын жабдықтың жұмыс істеу мерзімі; негізгі генерациялайтын жабдықтың тозу дәрежесі; экологиялық көрсеткіштер.

7. Уәкілетті орган жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім жасағаннан кейін бірыңғай сатып алушы осы энергия өндіруші ұйыммен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф бойынша уәкілетті орган белгілеген көлемде және мерзімдерге электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады.

Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын жүйелік оператор ол пайдалануға берілген күннен бастап жыл сайын аттестаттауға тиіс.

Егер электр қуатын кезекті аттестаттауды өткізу нәтижесінде жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі кезекті аттестаттау өткізілгенге дейінгі аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

8. Уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жасасқан жұмыс істеп тұрған энергия

өндіруші ұйымдар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей уәкілетті органға тәуелсіз энергетикалық сараптамамен расталған, осы келісімдерде белгіленген көрсеткіштерге (индикаторларға) қол жеткізу туралы есепті ұсынуға міндетті.

Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімде белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізілмеген жағдайда, уәкілетті орган осы келісімді бұзуға не электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемі мен мерзімдерін жүйелік операторды хабардар ете отырып өзгертуге құқылы.

9. Уәкілетті органмен келісімдер жасасқан және шекті тарифтің инвестициялық құрамдасынан басқа шығын көзі айтарлықтай қосымша сыртқы қаржыландыру (кредиттер, қарыздар) болып табылған электр энергиясына шекті тарифтер бағдарламасының қолданылу кезеңіндегі 2009 – 2015 жылдар аралығында ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асырған энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органмен оңайлатылған тәртіппен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдер жасасады.

10. Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасу және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

17) 17-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электр энергиясын сатып алу-сату, электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру, электр энергиясының орталықтандырылған саудасына қатысу, электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысу бойынша қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.";

"3. Электр энергиясын сатып алу-сату шарттарында, электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынуды

теңгерімдеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарда, орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шарттарында шарттар бойынша уақтылы ақы төленбеген жағдайда тиісті қызметтер көрсетуді тоқтату шарттары мен тәртібі қамтылуға тиіс.";

18) 19-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электр және жылу энергиясын тұтынушылар:

1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісінше техникалық жай-күйін ұстап тұруға, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр және жылу энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр және (немесе) жылу энергиясының ақысын уақтылы төлеуге;

5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның жұмыскерлерін, жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті өкілдерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге міндетті.";

3-тармақ алып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілерінің инвестициялық қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 12, 85-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; 2014 ж., № 23, 143-құжат):

1) 1-бапта:

3-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақта:

1) тармақшаның отызыншы және отыз үшінші абзацтары алып тасталсын;

б) тармақшаның алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтары алып тасталсын;

7) тармақшаның үшінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, жиырма бірінші абзацтары алып тасталсын;

8) тармақшаның екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтары алып тасталсын;

9) тармақшаның тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

10) тармақша алып тасталсын;

11) тармақшаның жиырма бесінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші және елу бірінші абзацтары алып тасталсын;

12) тармақша алып тасталсын;

2) 2-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 7) тармақшасының төртінші абзацын;"

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының бесінші, он үшінші, отыз төртінші және отыз алтыншы абзацтарын, 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 8) тармақшасының төртінші және жиырма сегізінші абзацтарын, 9) тармақшасының он төртінші абзацын;

3) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының сегізінші абзацын, 4) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын, 7) тармақшасының бесінші және он алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 7) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы және жиырма бесінші абзацтары, 8) тармақшасының он тоғызыншы абзацы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.";

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Заңның 1-бабының 4-тармағы 4) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтары:

1) осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларында, 4-тармағында, 12-1-бабының 4 және 5-тармақтарында, 13-бабы 3-2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізеді;"

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 1), 3) және 10) тармақшаларында, 4-тармағында, 13-бабы 3-2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізеді;"

7. Осы Заңның 1-бабының 4-тармағы 4) тармақшасының алтыншы абзацы 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7) тармақшадағы "12-бабының 3, 4-тармақтарында, 12-1-бабының 4, 5-тармақтарында" деген сөздер "12-бабының 3-тармағының 1), 3) және 10) тармақшаларында, 4-тармағында, 13-бабының 3-2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;"

8. Осы Заңның 1-бабының 4-тармағы 4) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтары:

1) осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, энергия өндіруші ұйымдардан осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларында, 4-тармағында, 12-1-бабының 4 және 5-тармақтарында, 13-бабы 3-2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптарды энергия өндіруші ұйымдардың орындауы жөнінде ақпарат сұратады және алады;"

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, энергия өндіруші ұйымдардан осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 1), 3) және 10) тармақшаларында, 4-тармағында, 13-бабы 3-2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптарды энергия өндіруші ұйымдардың орындауы жөнінде ақпарат сұратады және алады;"

4. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат):

1) 1-баптың 64-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету кезінде ғана шеккен шығыстарына өтем жасау үшін оның осындай көрсетілетін қызметтен түскен кірістерінің жетіспеуі салдарынан өзінің энергия өндіруші ұйымдар алдындағы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оған мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асырады;"

2) 3-баптың 1-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 9-тармағы 33) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 38-тармағы 1) тармақшасының жиырма тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз бесінші және отыз жетінші абзацтарын, 7) тармақшасының үшінші абзацын, 8) тармақшасының үшінші, төртінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын, 9) тармақшасының екінші абзацын, 17), 24), 26) және 27) тармақшаларын, 64-тармағының 1) тармақшасын және 92-тармағының 20) тармақшасын;"

8) тармақшадағы "абзацын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі." деген сөздер "абзацын," деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 64-тармағы 2) тармақшасының екінші, сегізінші және он жетінші абзацтарын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі."

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 89-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жиырма бесінші, жиырма жетінші, отыз төртінші, отыз алтыншы, отыз жетінші абзацтарын, 11) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма алтыншы, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отыз екінші, отыз үшінші, отыз бесінші, отыз сегізінші абзацтарын, 9) тармақшасының жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын, 15) және 16) тармақшаларын;

3) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының отызыншы абзацын, 9) тармақшасының он екінші, он үшінші, он бесінші, он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтарын, 10) тармақшасын,

11) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 8) тармақшасы осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"8) мынадай мазмұндағы 10-1 және 10-2-баптармен толықтырылсын:

"10-1-бап. Ұлттық оператор

Ұлттық оператор:

1) жүйелік оператор жүзеге асыратын электр энергиясын сатып алуды-сатуды қоспағанда, электр энергиясының орталықтандырылған импорты мен экспортын жүзеге асырады;

2) тендерлер өтпей қалған жағдайда, жылу және электр энергиясын аралас өндіруді жүзеге асыратын, әлеуметтік маңызды электр станцияларын салуды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде электр энергетикасы объектілерін салуға қатысады.

10-2-бап. Нарық кеңесі

1. Нарық кеңесі:

1) электр энергиясы мен қуаты нарығының жұмыс істеуіне мониторингті жүзеге асырады;

2) инвестициялық бағдарламаларды қарайды;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) уәкілетті орган айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Нарық кеңесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.";

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев